

**Оспанова Маржан Сансызбайқызының «6D061000-Гидрология»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
ұсынылған «Есіл өзені алабының су басу қаупін бағалау және басқару»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына арналған отандық
ғылыми жетекшісінің**

ПІКІРІ

Кез-келген мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық тұрақтылығының маңызды мәселелерінің бірі – оның құрылымдарының қауіпті табиғи құбылыстарға төтеп беру дайындығы. Қазақстан аумағында табиғи сипаттағы апатты құбылыстардың ең үлкен үлесі су басуға тиесілі. Мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуде стратегиялық маңызы үлкен аймақтарды гидрологиялық тұрғыдан зерттеу, яғни халықты ауыз сумен қамтамасыз ету, су қауіпсіздігі мәселесін, елді мекендерді су басудан қорғау, қуаңшылық жылдары су ресурстары тапшылығы мәселелерін шешу өте маңызды. Қазақстан Республикасының орталық және солтүстік бөлігінің негізгі су артериясы болып табылатын Есіл өзені алабы осындай маңызы үлкен өлкелеріміздің бірі, халық тығыз шоғырланған еліміздің астанасы Астана қаласын салу, көркейту, дамыту басты назарда тұрғандықтан, жан-жақты гидрологиялық зерттеулер өте өзекті.

Демек, су басу қаупін бағалау және басқару мәселелерін шешу ешқандай күмән тудырмайды және әлеуметтік, техногендік, экологиялық салалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өте маңызды міндеттемелердің бірі.

М.С. Оспанованың диссертациялық жұмысының мақсаты - Есіл өзені алабының су басу қаупін бағалау және су басудың зиянды әсерін төмендету және алдын алу шаралары бойынша ұсыныстар беру болып табылады. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы аясында ғылыми әдебиеттер мен практикалық және әдістемелік деректерге талдау жасау, зерттеу жұмысын орындауға, қорытындылауға негіз болды. Зерттеу жұмысын орындау барысында Қазақстанның гидрометеорологиялық ресми деректері пайдаланылған.

Автордың диссертациялық жұмысын орындау барысында алынған келесідей негізгі нәтижелерін атап өтуге болады:

- Есіл өзені алабындағы барлық су басу кезеңдері ретроспективалық тұрғыдан талданып, апатты су басулардың гидрографтарын талдау негізінде Есіл өзені алабындағы су басулардың типтері анықталды;

- зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай, гидрологиядағы белгілі статистикалық әдістердің көмегімен Есіл өзені алабының ең жоғары ағынды қатарына компьютерлік технологияны пайдалана отырып, статистикалық өңдеу жұмыстары жүргізіліп, ең жоғары ағындының статистикалық мәліметтері қайта нақтыланды. Сонымен қатар, Есіл алабының

ең жоғары ағындысының сипаттамаларына климаттық өзгерістердің және антропогендік факторлардың ықпалы сандық тұрғыдан бағаланған;

- су басу қаупін заманауи әдістердің көмегімен бағалау қазіргі таңда кең қолданыс табуда. Зерттеу жұмысында ГАЖ және Жерді қашықтықтан зондылау мәліметтері негізінде Есіл өзені алабының сандық карталары жасалып, су басу қаупін бағалау әдістемесі Есіл өзені алабына бейімделді, НЕС-RAS гидрологиялық үлгі көмегімен, сирек қайталанатын қамтамасыздықтағы ең жоғары ағындының ықтимал мәндері арқылы Жабай өзені алабы мысалында су басу ені анықталып, су басудың негізделген алдын алу шаралары ұсынылды.

Зерттеу нәтижелерінің экономикалық тиімділігі - практикалық міндеттемелерді шешуде, су басумен байланысты ғылыми мәселелерді қорытындылауда, төтенше гидрологиялық сипаттамаларды бағалау әдістерін негіздеуде және осыған сәйкес зерттеулерде, соның ішінде жоғары деңгейлі су басудың орын алуын бағалауда қолдануға болады.

Есіл өзені алабындағы су басу қаупін бағалау және басқару атты диссертациялық жұмысының есептеу нәтижелері бойынша М.С. Оспанова халықаралық конференцияларда баяндамалар жасады. Диссертациялық жұмысты қорғау талаптарына сәйкес отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалар жарыққа шықты.

Автордың диссертациялық жұмысы толық аяқталған, теориялық және практикалық құндылығы бар ғылыми еңбек болып табылады.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, Оспанова Маржан Сансызбайқызының «6D061000-Гидрология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Есіл өзені алабының су басу қаупін бағалау және басқару» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынамын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
география және табиғатты пайдалану факультеті,
метеорология және гидрология кафедрасының
доценті, к.т.н.

Кәсіп

К.К. Дускаев

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
РЕ. Кудайбергенов

